**ЦИКЛОГРАММА**

***Бірінші апта (1-5 қаңтар 2018 ж.)***

**№12 «Бәйтерек» бөбек-бақшасы «Гүлдер» ортаңғы топ**

**Өтпелі тақырып** «Табиғат әлемі»

**Тақырыпша** «Айналамыздағы өсімдіктер»

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )<br><br>Таңертеңгі гимнастика (5 мин)** | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.** | | | | |
| | Үстел-үсті ойыны: «Дене мүшелері»<br>Мақсаты:Балалар өз дене мүшелерін танып аттарын атай білу. | Қ/О: «Түлкі тауық қорада»<br>Мақсаты:Балаларды ептілікке, рөльдерін сомдай білуге үйрету.Ойынға деген қызығушылығын арттыру. | Фотосуреттер қарастыру «Дене мүшелері».<br>Фотосуретте бейнеленген дене мүшелерін атау. | Үстел-үсті ойыны: «Менің досым»<br>Мақсаты: Балаларды санамақ таяқшаларынан адамның бейнесін құрастыру. | Қ/О: «Тышқандар»<br>Мақсаты: Ойын барысында өлең жолдарын мәнерлеп нақышына келтіре айтуға баулу. |
| | **Доппен орындалатын таңғы жаттығу** | | | | |
| **Таңғы ас** | Ойын- жаттығу: Мөлдір, мөлдір су, су бетімді жу. | | | | |
| **Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | «Күз мезгілі»<br>**Мақсаты:** Балалардың маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыс орната білуге үйрету | «Дені саудың жаны сау»<br>**Мақсаты:** балаларға денсаулықтың кепілі спорт екенін түсіндіру. | «Дене мүшелері»<br>**Мақсаты:** балаларға дене мүшелерінің пайдасы мен қызметтері туралы әңмелесу. | Қ/О: «Ұшақтар»<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдылққа тәрбиелей отырып, ойынға деген қызығушылығын арттыру. | Ауада сурет салу<br>**Мақсаты:** Балаларды алдын ала сурет салуға дайындау. Саусақтары арқылы ауада сурет салуға жаттықтыру. |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Бағытты өзгерте отырып жүру және жүруден жүгіруге ауысу. Сызықтардың үстінен қос аяқпен секіру (бір-бірінен 1м арақашықтықтағы 4 сызық). Гимнастикалық орындық бойымен қолдарын белдеріне қойып, текшелерден аттап жүру.<br>**2.Жаратылыстану.**<br>**Мақсаты:**<br>Бөлме өсімдіктерін, ағаштар мен бұталарды танып, атай білу дағдыларын бекіту. Ағаштың және гүлдің бөліктерін атай білуге үйрету.<br>**3. Музыка**<br>**Мақсаты:**<br>Табиғат туралы жалпы түсінік беру; табиғат туралы | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Орташа қарқынмен жүру және жүгіру.<br>Гимнастикалық орындық бойымен қолдарын белдеріне қойып, текшелерден аттап жүру. Допты бір-біріне төменнен лақтыру, басынан асыра лақтыру және оны қағып алу.<br>**2.Құрастыру.**<br>**Мақсаты:** Табиғи материалдардан жануарлар жасауға үйрету.<br>Материалдарды ұқыпты, үнемді падалануға тәрбиелеу.<br>**3.Вариативтік компонент.**<br>**Мақсаты:** а) Қыс туралы түсініктерін кеңейту.<br>ә) Қыс туралы маусымдық жырдың мағынасын түсіндіре отырып, екі шумағын жатқа айтқызу | **1.ҚМҮҚ.**<br>**Мақсаты:** Жиынтық сапасы бойынша әртүрлі заттардан тұратындығы туралы түсініктерін жетілдіру. 1-ден 5-ке дейін тура және кері санауды жалғастыру.<br>**2.Музыка**<br>**Мақсаты:** Табиғат туралы жалпы түсінік беру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге, оған деген саналы көзқарасты қалыптастырып, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылығын дамыту. Меңгерген дағдыларын бекіту. | **1.Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты:** Бірінің артынан бірі кедергілерден аттап жүру. Допты бір-біріне төменнен лақтыру, басынан асыра лақтыру және оны қағып алу.<br>Балаларды төбешіктен сырғанау, бір-бірін сырғанату.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Мақсаты:** Өлеңдерді түсініп, есте сақтауға үйрету. Балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін (көлемін, түсін, пішінін) сөздермен байыту.<br>**3.Мүсіндеу**<br>**Мақсаты**: Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Ұқыптылыққа, | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Мақсаты:**<br>Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Артикуляциялық аппаратты одан әрі жетілдіру. Өсімдіктер туралы өлең шумақтарын оқу.<br>**2.Сурет салу**<br>**Мақсаты:**<br>Гүлдердің суретін салуға үйркту. Суретте ашық және солғын түстерді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.<br>**3.Вариативтік компонент**<br>**Мақсаты:**<br>Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін көрсете отырып осы ертегіні |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұғымдарын кеңейту. Табиғаттың сұлулығын сезіне білуге, оған деген саналы көзқарасты қалыптастырып, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылығын дамыту. Меңгерген дағдыларын бекіту. | арқылы баланың есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>б) Қыс мезгіліне деген қызығушылыққа тәрбиелеу. | | тазалыққа тәрбиелеу. | ойнайтындығын айту,қызықтыру. Кейіпкерлердің дауыс екпінін, ырғағын, қимыл-қозғалысын нақты сала білуге үйрету. |
| **Серуен:** | Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.<br>**Шыныдағы қарды өрнектерін бақылау, қадағалау.**<br>**Бақылау**<br>Шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру.<br>Жылы сулы булар салқын терезелер шыныларына отырып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.<br>**Жұмбақ.**<br>Өнері жоқ, қолы жоқ,<br>Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау).<br>**Ырым**.<br>Егер терезелердің екі әйнегі де буланса аяз күшейе түседі.<br>**Қозғалыс ойындары.**<br>«Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халық ойыны) «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойында өз әрекеті мен әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту.<br>**Еңбек қызметі.**<br>Жолға су құю.<br>Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құюды үйрету. Еңбек етуді тәрбиелеу. | | | | |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер.**<br>**«Шыныдағы қысқы ертегі»**<br>Балалардың шағын ертегіні құрастыруда талаптануын малақтау, көргендерін айта білу (керемет жапырақтар, ғажайып гүлдер, өрнектер). Алдын -ала болатын қызметке қызығушылығын арттыру.<br>**Өздігінен қызмет.**<br>Ойында өз әрекетімен әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті . | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. | | | | |
| **Сон** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>**Ойын- жаттығу :**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | Сюжетті-рөлдік ойын «Дүкенші» «Дені саудың жаны сау» және тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр» Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | Сюжетті-рөлдік ойын «Шаштараз» Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. | Сюжетті-рөлдік ойын «Отбасы» Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. | Сюжеттік рөлді ойын «Айгерімге қонаққа барамыз» Балалардың қонақжайлық туралы білімдерін бекіту |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Басқа қап киіп, заттарды аттап өту. | Заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру | Допты лақтыру және қағып алу, допты дұрыс лақтыру және өзіне қыспай қағып алу | Түстерді атау.Менің сүйікті түсім. | Каринамен саусақпен сурет салу |

Scanned by TapScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен** | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Біз денеміз сау болуы үшін, ауырмау үшін не і?», « Кім дене мүшелерін толық атап береді?» | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру». | Психологтің кеңесі::«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | Балалардың қатысымы жөнінде айту |

Тексерді: Бғ

Scanned by TapScanner